

«Азаматтарға арналған үкімет»  
мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2023 жылғы «24» ақпандағы  
(хаттама № 01-02/02)  
шешімімен назарға алынды



*«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің, Комитеттерінің және Корпоративтік хатшысының 2022 жылғы қызметі туралы есеп*

---

## Кіріспе

Осы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің, Комитеттерінің және Корпоративтік хатшысының 2022 жылғы қызметі туралы есеп (бұдан әрі - Есеп, тиісінше Мемлекеттік корпорация) Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік басқару кодексіне, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі туралы ережеге, Корпоративтік хатшы туралы ережеге және корпоративтік басқару мәселелері бойынша өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды.

Есептің мақсаты Директорлар кеңесінің жүргізіліп жатқан жұмысы туралы және 2022 жылғы Жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған елеулі мәселелер туралы хабардар ету болып табылады.

Есеп үш негізгі бөлімнен тұрады.

**«Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру»** бірінші бөлімінде Директорлар кеңесінің құрамы, директорларды іріктеу және директорлардың тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттары, Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру саясаты, Директорлар кеңесі мен Басқарманың жауапкершілігін ажырату туралы ақпарат берілген.

**«Есептік кезеңдегі Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің қызметі»** екінші бөлімінде Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарының саны және оларға қатысуы туралы, Кеңестің ішкі және сырттай отырыстарының сандық көрсеткіштері туралы, Директорлар кеңесі мен олардың Комитеттері қараған есепті кезеңдегік мәселелер туралы ақпарат, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімдерінің және Директорлар кеңесінің есептік кезеңдегі Жұмыс жоспарының орындалуы туралы ақпарат ұсынылған.

**«Корпоративтік басқару жөніндегі ақпарат»** үшінші бөлімінде корпоративтік даму бойынша жүргізілген жұмыс туралы ақпарат, 2022 жылғы корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат, Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қызметі туралы ақпарат берілген.

Жалпы алғанда, Есептің мазмұны мен құрылымы мүдделі пайдаланушылардың есептік кезеңдегі Директорлар кеңесі мен Корпоративтік хатшының қызметі туралы толық ұсынуы үшін ашылған.

*Алиев*

## 1. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

### 2.

#### 1.1. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесін акционерлердің жалпы жиналысы (Жалғыз акционер) сайлайды.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 41-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

2022 жылғы 1 қаңтарға Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі келесі 9 мүшеден тұрды:

<b>Директорлар кеңесінің төрағасы</b>		
1	Мусин Багдат Батырбекович	ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
<b>Члены Совета директоров</b>		
2	Оспанов Ербол Дуйсебаевич	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
3	Амиргалиев Азамат Халимеденович	ҚР Әділет вице-министрі
4	Ташенев Бакытбек Хакимович	ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы
5	Кожихов Адил Галимжанович	Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы
<b>Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар</b>		
6	Мухамеджанов Бектас Гафурович	Тәуелсіз директор
7	Балиева Загипа Яхьяновна	Тәуелсіз директор
8	Ивар Талло	Тәуелсіз директор
9	Найзабекова Акмарал Сериковна	Тәуелсіз директор

2022 жыл ішінде Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы келесі өзгерістерге ұшырады:

- Жалғыз акционердің 2022 жылғы 07 ақпандағы шешімімен (№ 32/Н/Қ бұйрық) Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелері Багдат Батырбекович Мусин мен Бектас Гафурович Мухамеджановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамына Асет Нурланович Турысов Директорлар кеңесінің мүшесі болып және Ергали Нурланович Бегимбетов Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор болып сайланды;

- Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (№ 137/НҚ бұйрығы) Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің қазіргі кездегі барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және оның келесі мүшелері жаңа үш жылдық мерзімге сайланды:

*Алиев*

1) Турысов Асет Нурланович, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі;

2) Оспанов Ербол Дуйсебаевич, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;

3) Амиргалиев Азамат Халимеденович, Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі;

4) Ташенев Бакытбек Хакимович, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

5) Абдильдин Суйениш Тулеуханович, Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы;

6) Балиева Загипа Яхьяновна, тәуелсіз директор;

7) Ивар Талло, тәуелсіз директор;

8) Бегимбетов Ергали Нурланович, тәуелсіз директор;

9) Ақмарал Сериковна Найзабекова, тәуелсіз директор.

- Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№ 509/НҚ бұйрығы) Директорлар кеңесінің мүшесі Азамат Халимеденович Амиргалиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Абдашимович Бекбауов, ҚР Әділет министрлігі аппаратының басшысы Бакт Шалқарович Абишев, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мурат Баритович Темиржанов сайланды.

Осылайша, 2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің келесі 11 мүшесінен тұрды:

<b>Директорлар кеңесінің төрағасы</b>		
1	Турысов Асет Нурланович	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі;
<b>Директорлар кеңесінің мүшелері</b>		
2	Оспанов Ербол Дуйсебаевич	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
3	Бекбауов Бағлан Абдашимович;	ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі
4	Абишев Бахыт Шалқарович	ҚР Әділет министрлігі аппаратының басшысы
5	Темиржанов Мурат Баритович	ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы
6	Ташенев Бакытбек Хакимович	ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы
7	Абдильдин Суйениш Тулеуханович	Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы
<b>Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар</b>		
8	Бегимбетов Ергали Нурланович	Тәуелсіз директор
9	Балиева Загипа Яхьяновна	Тәуелсіз директор
10	Ивар Талло	Тәуелсіз директор
11	Найзабекова Акмарал Сериковна	Тәуелсіз директор

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелері туралы (оның ішінде біліктілігі туралы) толығырақ мәлімет Мемлекеттік корпорацияның веб-

*Алиев*

сайтында «Корпоративтік басқару/Басқару органдары» бөлімінде <https://gov4c.kz/> сілтемесі бойынша орналастырылған.

## 1.2. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамы

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алдын ала қарау, талдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесу үшін төмендегі 4 Комитет жұмыс істейді:



Аталған Комитеттердің қызметі жаңа редакцияларда бекітілген Комитеттер туралы ережелерге, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 ақпандағы (№ 01-01-02/01 хаттама) шешімімен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы (№ 01-01-02/06 хаттама) және 2021 жылғы 24 желтоқсандағы (№ 010102/10 хаттама) шешімімен бекітілген енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асырылды..

Комитеттер Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады.

Комитеттердің жұмысы объективті, теңдестірілген ұсыныстарды әзірлеуге ықпал етеді және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Комитеттердің барлық мүшелерінің Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлерімен оқыту және тренингтер өткізу үшін жеткілікті білімі және мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар. Комитеттердің отырыстарына Комитет төрағасының шақыруы бойынша Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдары да, жұмыскерлері де қатысады.

2022 жыл ішінде Директорлар кеңесі құрамындағы кадрлық өзгерістерге байланысты, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 ақпандағы шешімімен (№ 01-01-02/01 хаттама) Комитеттер құрамында өзгерістер болды, ал Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы шешімімен (№ 01-01-02/04 хаттама) Комитеттердің келесі құрамы жаңа болып бекітілді:

### 1) Ішкі аудит жөніндегі комитет:

Бегимбетов Ергали Нурланович - төраға;

*Бегимбетов*

Балиева Загипа Яхьяновна - Комитет мүшесі;  
Ивар Талло - Комитет мүшесі;  
Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

**2) Стратегиялық жоспарлау комитеті:**

Ивар Талло - төраға;  
Ергали Нуррланович Бегимбетов - Комитет мүшесі;  
Балиева Загипа Яхьяновна - Комитет мүшесі;  
Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

**3) Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет:**

Балиева Загипа Яхьяновна - төраға;  
Ергали Нурланович Бегимбетов - Комитет мүшесі;  
Акмарал Сериковна Найзабекова - Комитет мүшесі;  
Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

**4) Кадрлар, сыйақылар және этика комитеті:**

Акмарал Сериковна Найзабекова - төраға;  
Балиева Загипа Яхьяновна - Комитет мүшесі;  
Ивар Талло - Комитет мүшесі;  
Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

### **1.3. Тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемшарттары**

Белгіленген Корпоративтік басқару практикасына және Заңның 54-бабы 5-тармағының талаптарына, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация Жарғысының 53-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлар сайланады, олардың саны Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы болуы тиіс, бұл шындыққа сәйкес келеді.

Заңның 1-бабының 20-тармақшасына сәйкес, «Тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, ол:

1) сайланған кезде Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғасы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болып табылмаған;

2) Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

3) Мемлекеттік корпорацияның немесе Мемлекеттік корпорацияның аффилирленген тұлғаларының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаған;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) Мемлекеттік корпорацияның аудиторы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ол аудитор болып табылмаған;

*Алиев*

б) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Мемлекеттік корпорацияның аудитіне қатыспаған және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Директор тәуелсіз деп танылуы мүмкін, егер ол:

- соңғы бес жыл ішінде осы Мемлекеттік корпорацияның немесе оның еншілес және тәуелді ұйымының жұмыскері болып табылмаған болса;

- Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Мемлекеттік корпорациядан қосымша сыйақы алмаған немесе алып жатпаған болса;

- акционерлерді немесе Мемлекеттік басқару органдарының мүдделерін білдірмейтін болса;

- тоғыз жылдан көп жыл қатарынан Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмаған болса.

Тәуелсіз директорларға кандидатураларды таңдау кезінде жоғарыда аталған өлшемшарттар назарға алынды.

Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (№137/НҚ бұйрығы) жаңа 3 жылдық мерзімге тәуелсіз директорлар сайланды: Балиева З.Я, Бегимбетов Е. Н., Найзабекова А. С., И. Талло.

Директорлар кеңесінің мүшелері-тәуелсіз директорлар мен Мемлекеттік корпорация арасындағы өзара қарым-қатынастар 2022 жылғы 20 мамырда Директорлар кеңесінің төрағасы Мемлекеттік корпорация атынан жасасқан шарттармен регламенттеледі, олар тәуелсіз директорлар сайланған кезден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

#### **1.4. Директорларға сыйақы беру**

Мемлекеттік корпорация Директорлар Кеңесінің қызметіне байланысты шығыстарды көтереді, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз функцияларын жүзеге асыруына байланысты құжатталып, расталған барлық шығыстарды өтейді.

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мен шығыстарды өтеу шарттары мен тәртібі Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 04 қазандағы шешімімен (№ 262/ НҚ бұйрығы) бекітілген Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу және шығыстарды өтеу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) айқындалған.

Сыйақы төлеуді реттейтін көрсетілген Қағидалардың ережелері мемлекеттік қызметшілер және Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолданылмайды. (Қағидалардың 2-тармағының 2.2-тармақшасы).

Осылайша, сыйақыны тек тәуелсіз директорлар алады. Корпоративтік басқарудың қолданылатын практикасына сәйкес Мемлекеттік корпорация сыйақының негізгі нысандары ретінде келесілерді пайдаланады:

1) Директорлар кеңесінің бір отырысына қатысқаны үшін негізгі сыйақы 830 000 (сегіз жүз отыз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте көрсетілген сыйақы Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысқаны үшін төленеді;

*Алига*

2) Комитет төрағасы ретінде Директорлар кеңесі Комитетінің бір отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы 58 000 (елу сегіз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді.

Бұған дейін Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін тәуелсіз директорларға берілетін негізгі сыйақының жалпы сомасы 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспауы, ал Комитет төрағасы ретінде Директорлар кеңесі Комитетінің отырысына қатысқаны үшін берілетін қосымша сыйақының жалпы сомасы Мемлекеттік корпорацияның Даму жоспарында тиісті жылға көзделген 350 000 (үш жүз елу мың) теңгеден аспауы тиіс болатын.

Бұдан басқа, Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген лимиттерге сәйкес олардың функцияларды орындауына байланысты шығыстарды, атап айтқанда Комитеттер мен Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысуға байланысты шығыстарды өтейді. Оның ішінде тұрғылықты жеріне жол жүруге не басым болуға арналған шығыстар, тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстар және тәуелсіз шығыстар.

Алайда, есептік жылы тәуелсіз директорлардың күндізгі оқыту курстарын, семинарларды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруы мен өткізуі арқылы Қоғам қызметінің тиімділігін және басшы қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру мақсатында, Жалғыз акционердің 2022 жылғы 12 қыркүйектегі шешімімен (№ 321/ НҚ бұйрығы) жоғарыда аталған Қағидаларға тәуелсіз директорларға негізгі сыйақының жылдық сомасын 5 миллионнан 6 миллионға дейін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілді, сондай-ақ іс-шаралар тізімі кеңейтілді, тренингтер мен басқа да іс-шаралар қатысқан немесе ұйымдастырған жағдайда, Мемлекеттік корпорация тәуелсіз директорларға өтемақы төлеуге жол береді.

Сондай-ақ Қағидаларға сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері, егер осы тәуелсіз директорлардың іс-әрекеттері олардың Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшесінің қызметін жүзеге асыруымен байланысты емес болғаны немесе Мемлекеттік корпорация үшін жағымсыз салдарға әкеп соқтырғаны анықталса, Директорлар кеңесі мүшелерінің шеккен шығыстарын өтеуден бас тарту туралы шешім қабылдай алады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу олар келесі шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) ҚР заңнамасында, Мемлекеттік корпорация Жарғысында, Мемлекеттік корпорацияның өзге де ішкі құжаттарында және директормен жасалған шартта көзделген Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін адал орындау;

2) ҚР заңнамасының шешімдерін, Мемлекеттік корпорация Жарғысын және Мемлекеттік корпорацияның өзге де ішкі құжаттарын, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің шешімдерін қабылдау кезінде сақталуы;

3) Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу, белгіленген тәртіппен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін толық және уақытылы білдіру.

Мәселен, 2022 жылы Мемлекеттік корпорацияның тәуелсіз директорларына төленген негізгі және қосымша сыйақының жалпы сомасы **24 574 000** теңгені құрады, оның ішінде 23 240 000 теңге сомасындағы негізгі сыйақыдан және 1 334 000 теңге сомасындағы қосымша сыйақыдан тұратын сыйақы, салықтар мен төлемдер - **2 318 668,00** теңге.

Есептік кезеңде тәуелсіз директорларға төленген шығыстардың өтемақысы **1 303 787,00** теңгені құрады.

*Алиев*

Осылайша, 2022 жылы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелері-тәуелсіз директорларының қызметіне байланысты барлық шығыстар барлық салықтар мен төлемдерді ескере отырып, **28 196 475** (жиырма сегіз миллион бір жүз тоқсан алты мың төрт жүз жетпіс бес) теңгені құрады. Төменде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі-тәуелсіз директор бөлінісінде шығыстарды төлеу және өтеу кестесі берілген.

Тәуелсіз директорларға акциялар түріндегі сыйақы төленбейді, өзге де жеңілдіктер берілмейді.

№ р/н	Т.А.Ә.	Негізгі сыйақы	Комитеттерде төрағалық еткені үшін қосымша	Шығындарды өтеу	Салықтар	Барлығы
1	Балиева З.Я.	5 810 000,00	348 000,00	509 086,00	585 010,00	<b>7 252 096,00</b>
2	Бегимбетов Е.Н.	5 810 000,00	348 000,00	584 701,00	577 089,00	<b>7 319 790,00</b>
3	Ивар Галло	5 810 000,00	290 000,00	210 000,00	579 500,00	<b>6 889 500,00</b>
4	Найзабекова А.С.	5 810 000,00	348 000,00	0,00	577 089,00	<b>6 735 089,00</b>
	итого	<b>23 240 000,00</b>	<b>1 334 000,00</b>	<b>1 303 787,00</b>	<b>2 318 688,00</b>	<b>28 196 475,00</b>
		<b>24 574 000,00</b>				

### 1.5. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 қарашадағы шешімімен (№ 01-01-02/05 хаттама) бекітілген Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу туралы Ережеге сәйкес, Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшы қызметін үйлестіру кезінде Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы өзін-өзі бағалау әдісімен Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметіне 2021 жылғы бағалау жүргізу туралы 2022 жылғы 16 ақпанда (№ 01-01-02/01 хаттама) шешім қабылдады.

Көрсетілген Ережеге сәйкес Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмысына бағалау жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

Директорлар кеңесі:

- кеңесшіні тарта отырып;
- сауалнама, сұхбат және т. б. арқылы бағалау жүргізе алады.

2022 жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Корпоративтік хатшы қызметін үйлестірген жағдайда, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы жүргізілді.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалауға (бұдан әрі - Бағалау) келесі өлшемшарттар қамтылды: Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мен құзыреттері, негізгі функцияларын іске асыру, Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы, жұмыс тәртібі және оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету, міндеттері мен жауапкершілігі.

Бағалауда негізгі мақсат - Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің жұмысын жандандыру, Мемлекеттік корпорацияның табысты жұмысын қамтамасыз етуде Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру көзделді.

Осылайша, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қорытындылары Директорлар кеңесінің құрамы Мемлекеттік корпорацияның ағымдағы құрылымына сүйене отырып, қажетті құзыреттер мен кәсіби тәжірибе бойынша

*Алиев*

теңдестірілгенін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жұмыс қызметінің тиімділігі 4,71-ден жоғары бағаны (осы саладағы тәжірибе үздік стандарттарға сәйкес келеді, бірақ жекелеген ұсынымдар мен ұсыныстар бар), ал Комитет қызметін – 4.95 бағалауды анықтады (осы саладағы тәжірибе ең жақсы стандарттарға сәйкес келеді, жетілдіруді қажет етпейді және мұндай тәжірибені жалғастыру керек), бұл таңдалған ұйымдық модель мен құрылым үшін қолайлы болып табылады.

Сауалнама нәтижелері Директорлар кеңесі басшылығына деген сенім мен бір-біріне деген өзара сыйластықты анықтады. Талқылауға және жетілдіруге жататын ұсыныстар мен ұсынымдардың болуына қарамастан, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс қызметінде елеулі кемшіліктер табылған жоқ. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарын өткізу саясатын көп жағдайда сындарлы деп сипаттауға болады, ал Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін жалпы қанағаттанарлық деп танылады. Осылайша, бағалау Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша қызметінің көптеген аспектілері корпоративтік даму практикасының ұсынымдарына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс қызметін бағалау нәтижелері қызметті одан әрі дамыту мен жетілдіру жөніндегі негізгі бағыттарды анықтады, бұл өз кезегінде Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелер негізінде, Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау туралы есеп дайындаған, ол өз кезегінде 2022 жылғы 20 мамырда Директорлар кеңесінің отырысында қаралған (№01-01-02/04 хаттама), онда талқылау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша қызметі қанағаттанарлық және корпоративтік басқару стандарттарына сәйкес келеді деп танылды. Қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

## **1.6. Атқарушы орган - Басқарманың Директорлар кеңесінің жауапкершілігін ажырату**

Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Мемлекеттік корпорация Басқармасы арасында өкілеттіктерді бөлу Мемлекеттік корпорацияның Жарғысымен және Мемлекеттік корпорацияның ішкі құжаттарымен айқындалады.

Директорлар кеңесі басқару органы болып табылады, Жалғыз акционер мен Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің шешімдері ҚР заңнамасына, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және ішкі құжаттарына сәйкес қабылданады. Директорлар кеңесінің Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесі:

- Мемлекеттік корпорацияның лауазымды тұлғалары деңгейінде ықтимал

*Алиев*

мүдделер қақтығысын, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдаланылуын қадағалауы және жоюы;

- Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін және корпоративтік басқару деңгейін арттыруды бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері олардың әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін, сондай-ақ қабылданған шешімдердің салдары үшін жауаптылықта болады. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі шешімге қарсы дауыс берсе немесе Мемлекеттік корпорацияға шығын келтіруге әкеп соққан дауыс беруге қатыспаса, ол жауаптылықта болмайды. Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционермен тиісті диалогты қамтамасыз етуге жауаптылықта болады.

Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Басқарма төрағасы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.

Басқарма ағымдағы жедел басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады, Мемлекеттік корпорация қызметінің кез келген мәселелері бойынша (Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған) шешімдер қабылдайды және өзіне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің алдында жауаптылықта болады.

Басқарма Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Басқарма осы функцияларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және ағымдағы операциялық қызметке жауаптылықта болады. Басқарма Директорлар кеңесінің алдында Даму стратегиясының көрсеткіштерін орындау және өз мақсаттарына қол жеткізу бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп береді.

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында көрсетілген.

Мемлекеттік корпорация Басқармасы 2022 жылғы 31 желтоқсанға Басқарма төрағасы ескеріле отырып, 7 мүшеден тұрды. 2022 жылы Басқарма құрамы өзгерді. Басқарма құрамының ауысуы кестеде көрсетілген, ал Басқарма құрамындағы болу мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсанға диаграммада төменде көрсетілген.

№ р/б	Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайлау күні	Тоқтату күні	Жылдар саны «+», «-»
1.	Кожихов А.Г.	Басқарма төрағасы	08.01.2021ж.	07.04.2022ж..	1 жыл 3 ай
2.	Дыбыспаев К.Б.	Басқарма төрағасының орынбасары	18.04.2022ж.	белсенді	9 ай
3.	Ибраев А.М.	Басқарма төрағасының орынбасары	03.05.2022ж.	белсенді	8 ай

*Алиев*

4.	Тобаева А.Ш.	Басқарма төрағасының орынбасары	01.09.2022ж.	белсенді	4 ай
5.	Жунусов Б.У.	Басқарма төрағасының орынбасары	22.04.2019ж.	05.07.2022ж.	3 жыл 2 ай
6.	Абдильдин С.Т.	Басқарма Төрағасының Бірінші Орынбасары, Басқарма Төрағасы	07.10.2020ж. 07.04.2022ж.	белсенді	2 жыл 3 ай
7.	Каркинбаев Г.А.	Басқарма төрағасының орынбасары	25.07.2022ж.	белсенді	6 ай
8.	Абаханов Н.Б.	Басқарма төрағасының орынбасары	07.10.2020ж.	белсенді	2 жыл 3 ай
9.	Мусан А.Е.	Басқарма аппаратының басшысы Басқарма мүшесі	05.03.2021ж.	13.01.2022ж.	10 ай
10.	Куатов Куандық Куатович	Басқарма аппаратының басшысы- Басқарма мүшесі	13.01.2021ж.	белсенді	12 ай
11.	Жумабеков Сержан Лесбекович	Басқарма төрағасының орынбасары	05.03.2021ж.	31.03.2022ж.	12 ай



Басқарма отырыстары Мемлекеттік корпорацияның қызметін қамтамасыз ету мәселелері қаралған кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Есептік кезеңде Мемлекеттік корпорация Басқармасының 52 отырысы өткізілді, оның ішінде 20 отырыс ішкі нысанда, 32 отырыс сырттай нысанда өткізілді, онда 194 мәселе шығарылып, қаралды.

Қарау нәтижелері бойынша Мемлекеттік корпорация Басқармасымен келесі негізгі шешімдер қабылданды: – 48 мәселе бекітілді, – 138 мәселе мақұлданды, – 2 мәселе назарға алынды, пысықтауға – 4 мәселе жіберілді, бас тартылды - 1, қараусыз қалдырылды - 1.

*Алиев*

## 2. Директорлар кеңесінің қызметі

### 2.1. Директорлар кеңесі отырыстарының саны және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің оларға баруы

2022 жылы Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру жолымен өткізілген 10 отырыс, оның ішінде 7 ішкі және 3 отырыс өткізді. Директорлар кеңесіне барлығы 82 мәселе шығарылды, 77 мәселе қаралды, 5 мәселе күн тәртібінен алынды.

Корпоративтік басқару кодексінің ұсынымдарына сәйкес Мемлекеттік корпорация Директорлар кеңесінің сырттай өткізілетін отырыстарын барынша азайту бойынша жұмыс жүргізгенін, көрсетілген талап орындалып жатқанын айта кету керек.

Төмендегі кестеде Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің соңғы үш жылдағы жұмысының салыстырмалы деректері және қатынастар диаграммасы көрсетілген (1, 2, 3, 4-кестені қараңыз):

Кесте 1

	2020 жыл		2021 жыл			2022 жыл			
	ішкі	сырттай	барлығы	ішкі	сырттай	барлығы	ішкі	сырттай	барлығы
<b>Директорлар кеңесі отырыстарының саны</b>	4	2	6	5	5	10	7	3	10
<b>Арақатынасы, %</b>	67%	33%	100%	50%	50%	100%	70%	30%	100%
<b>Қаралған мәселелер саны</b>	36	16	52	48	21	69	58	19	77
<b>Арақатынасы, %</b>	69%	31%	100%	70%	30%	100%	75%	25%	100%

Кесте 2



3-кесте




4-кесте



Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы төмендегі кестеге сәйкес ұсынылған (5-кестені төменде қараңыз).

5-кесте



**Ескертпе:** Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының есептік кезеңдегі отырыстарға қатысуы пайыздық мәнде келесідей: Турысов А.Н. – 10-ның 10-на (100%), Оспанов Е.Д. – 10-ның 10-на (100%), Амиргалиев А.Х. – 10-нан 2 (20%), Бекбауов Б.А. – 10-нан 0 (0%), Абишев Б.Ш. – 10-нан 0 (0%), Темиржанов М.Б. – 10-нан 0 (0%), Ташенев Б.Х. – 10-нан 6 (60%), Кожихов А.Г.- 10-нан 3-і (30%), Абдильдин С.Т. – 10-нан 7 (70%), Балиева З.Я. – 10-ның 10-на 10 (100%), Бегимбетов Е.Н. – 10-ның 10-на (100%), Найзабекова А.С. – 10-ның 10-на (100%), Ивар Талло – 10-ның 10-на (100%).

**Болмау себептері:** Бекбауов Б. А., Абишев Б. Ш., Темиржанов М. Б. жылдың соңында Жалғыз акционердің 2022 жылғы 26 желтоқсанда шешімімен сайланған, А.Х. Амиргалиев ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 12 маусымдағы № 296 қаулысымен ҚР Әділет вице-министрі қызметінен босатылған, Ташенев Б.Х. оның ҚР Үкіметінде кеңесте болуына, іссапарда, демалыста болуына және ауруға байланысты болмаған.

*Алиев*

## 2.2 Есептік жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер туралы ақпарат

Есептік кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды. Директорлар кеңесінің ішкі отырыстары бекітілген 2022 жылғы Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өткізілді. 2022 жылы Директорлар кеңесі 10 отырыс өткізді, оған Мемлекеттік корпорация күн тәртібінен алынған келесі 5 мәселе ескеріле отырып, 82 мәселені шығарды:

1. 2022 жылғы Мемлекеттік корпорацияның төрағасы мен Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;

2. Мемлекеттік корпорацияның ішкі аудит қызметінің аудитыынр тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысын айқындау туралы;

3. 2022 жылғы I-тоқсандағы тексеру қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындау бойынша жүргізілетін іс-шаралар және қабылданған шаралар туралы, оның ішінде куәліктер беру және жер учаскелері бойынша мәліметтердің алынақтығы мәселелері бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты қарау туралы;

4. 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі-аппарат басшысы лауазымында О.Б. Шоқпаровқа сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы.

5. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі-аппарат басшысы лауазымындағы О. Б. Шоқпаровқа 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы.

Осылайша, келесі **77 мәселе** қаралып, шешімдер қабылданды:

1. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;

2. Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы 2018 - 2022 жылдарға арналған Дму стратегиясын іске асыру туралы Мемлекеттік корпорация Басқармасының есебін қарау туралы;

3. 2021 жылдың екінші жартыжылдығындағы Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай-күйі туралы есепті қарау туралы;

4. 2021 жылғы IV тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің есептерін және 2021 жылғы жылдық есепті қарау туралы;

5. Мемлекеттік корпорация Омбудсменінің 2021 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есепті қарау туралы;

6. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу туралы;

7. Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысының Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің және Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысының 2021 жылғы жұмысы туралы есебін қарау туралы;

8. 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу туралы.

9. Мемлекеттік корпорацияның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы;
10. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі есебін қарау туралы;
11. Комплаенс бақылау қызметінің штат санын өзгерту және Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының схемасын бекіту туралы;
12. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметінің комплаенс-бақылаушысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысының мөлшерін айқындау туралы;
13. 2021 жылғы 4 тоқсандағы және 2021 жылғы жұмыс нәтижелілігінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне сыйлықақы беру және сыйақы мөлшерін бекіту туралы;
14. 2021 жылғы жұмыс нәтижелілігінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысына сыйақы беру және сыйақы мөлшерін бекіту туралы.
15. Мемлекеттік корпорацияның жарияланған акцияларын орналастыру туралы, жарияланған акциялар саны шегінде орналастырған акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы.
16. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
17. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамы туралы;
18. Мемлекеттік корпорацияның Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары бойынша филиалдарын құру туралы;
19. Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі бойынша жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және ұсыныстар туралы және кейіннен Жалғыз акционерге бекітуге шығару;
20. Мемлекеттік корпорацияның 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын жартыжылдық нақтылауды бекіту туралы (2022 жыл, 1-жартыжылдықты нақтылау);
21. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметінің жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін және лауазымдық айлықақыларының мөлшерін айқындау туралы;
22. 2022 жылғы 1-тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің есебін қарау туралы;
23. 2022 жылғы 1-тоқсандағы жұмыс нәтижелілігінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне сыйақы беру және сыйақы мөлшерін бекіту туралы;
24. Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін және лауазымдық айлықақыларының мөлшерін айқындау туралы;
25. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің бас аудитору А.Р. Маханбетовтің лауазымдық жалақысының мөлшерін өзгерту туралы;

*Алиев*

26. 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметіне жүргізілген бағалау нәтижелерін қарау туралы;
27. Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы 2021 жылғы есепті бекіту туралы;
28. Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы қызметі туралы жылдық есепті бекіту туралы;
29. Мемлекеттік корпорацияның 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы туралы 2021 жылғы есепті қарау туралы;
30. Мемлекеттік корпорация активтерін сату қағидалары туралы;
31. 2022 жылғы Мемлекеттік корпорацияның төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерінің (ҚТК) карталарын бекіту туралы;
32. Мемлекеттік корпорацияның төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру және 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша олардың сыйақыларының мөлшерін бекіту туралы;
33. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің штат санын өзгерту туралы;
34. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметінің Дамыту бағдарламасын бекіту туралы;
35. Мемлекеттік корпорациядағы мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясатын бекіту туралы;
36. Мемлекеттік корпорацияның сыйлықтар, мәдени-ойын-сауық және өзге де өкілдік іс-шаралар саласындағы саясатын бекіту туралы;
37. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметінің жұмыскерін тағайындау туралы, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысының мөлшерін айқындау туралы;
38. Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай күйі туралы 2022 жылғы I жартыжылдықтағы есепті қарау туралы;
39. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметі туралы ережені және Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын жаңа редакцияларда бекіту туралы;
40. Мемлекеттік корпорацияның бұзушылықтары туралы бастамашылық ақпараттандыру саясатын бекіту туралы;
41. Мемлекеттік корпорацияда ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа толықтыру енгізу туралы;
42. Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысы қызметінің лауазымдық айлықақысының схемасын бекіту туралы;
43. Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысы қызметінің бас маманы А. Т. Үмбетиярдың лауазымдық жалақысын өзгерту туралы;
44. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшелері қызметінің 2022 жылғы негізгі көрсеткіштері туралы;
45. Мемлекеттік корпорацияның Омбудсмені туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
46. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметі жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларын бекіту туралы;

*Алиев*

47. Мемлекеттік корпорацияның COMPLAENS бақылау қызметі жұмыскерлерінің 2022 жылғы мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы;
48. Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік қақтығыстарын реттеу қағидаларын бекіту туралы;
49. Мемлекеттік корпорацияның COMPLAENS бақылау қызметінің 2022 жылғы жұмыс жоспарын жаңа редакцияда бекіту туралы;
50. COMPLAENS бақылау қызметі жұмыскерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Мемлекеттік корпорацияның COMPLAENS бақылау қызметінің жаңа жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақыларын айқындау туралы;
51. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы ІІ тоқсандағы есебін қарау туралы;
52. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің 2022 жылғы ІІ тоқсандағы жұмыс нәтижелілігінің қорытындылары бойынша сыйлықақы беру және сыйақы мөлшерін бекіту туралы;
53. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақыларын айқындау туралы;
54. Мемлекеттік корпорацияның ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізу туралы;
55. Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылуын бағалауды бекіту туралы;
56. Мемлекеттік корпорацияның 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын жартыжылдық нақтылауды бекіту туралы (2022 жыл, ІІ жартыжылдықты нақтылау);
57. Мемлекеттік корпорацияның 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы (2023 жыл, жыл сайынғы нақтылау);
58. Мемлекеттік корпорацияның Есеп саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
59. 2022 жылғы І, ІІ, ІІІ тоқсандардағы жұмыс қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның COMPLAENS бақылау қызметінің есебін қарау туралы;
60. Мемлекеттік корпорацияның COMPLAENS бақылау қызметінің жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақыларын айқындау туралы;
61. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы ІІІ тоқсандағы есебін қарау туралы;
62. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне 2022 жылғы ІІІ тоқсандағы жұмыс нәтижелілігінің қорытындылары бойынша сыйлықақы беру және сыйақы мөлшерін бекіту туралы;
63. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату немесе ұзарту туралы;
64. О.Б. Шоқпаровқа Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - аппарат басшысы лауазымындағы 2018 және 2020 жылдардағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы;
65. Мемлекеттік корпорацияның COMPLAENS бақылау қызметінің жұмыскерін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысын айқындау туралы;

*Алиев*

66. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы;

67. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған бюджетін бекіту туралы;

68. 2023 жылға Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі жұмыскерлері қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;

69. Мемлекеттік корпорация Омбудсменінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;

70. Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;

71. 2023 жылға Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметі жұмыскерлері қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;

72. Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясатын және Мемлекеттік корпорацияның контрагенттерін кешенді тексеру саясатын бекіту туралы;

73. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;

74. 2023 жылға Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы;

75. Мемлекеттік корпорацияның Омбудсмені туралы ережеге толықтыру енгізу туралы;

76. 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - аппарат басшысы лауазымында О.Б. Шоқпаровқа сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы;

77. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - аппарат басшысы лауазымындағы 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша О.Б. Шоқпаровқа сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы.

Осылайша, есептік кезеңде Директорлар кеңесі барлық мәселелерді қарап, төмендегілер бойынша шешімдер қабылдады:

- қаржылық есептілік және жоспарлау бойынша - 7
- стратегиялық сипаттағы - 6
- ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және бақылау мәселелері бойынша - 17
- Омбудсмен қызметі және Комплаенс бақылау мәселелері бойынша - 8
- корпоративтік басқару - 9
- кадрлар мен сыйақылар - 18
- ішкі құжаттарды бекіту бойынша - 12.

*Алиев*

## 2022 ЖЫЛЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



77 мәселе бойынша берілген тапсырмаларды қарау қорытындысы бойынша – орындалғаны - 76, орындалуда – 1 (Мемлекеттік корпорация Басқармасы (С.Т. Әбділдин) Тиісті сақтық саясатын енгізу және Мемлекеттік корпорацияның контрагенттерін кешенді тексеру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және Комплаенс бақылау қызметімен келіссін).

Орындаудағы және мерзімінде орындалмаған тапсырмаларды түсіндіре отырып, Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімдерінің орындалуын мониторингілеу жөніндегі толық ақпарат осы Есептің 2.5-бөлімінің кестесінде ұсынылған.

Бұдан басқа, Жалғыз акционердің қарауына келесі мәселелер жіберілді:

- Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау туралы;
- Тәуелсіз аудиторлық ұйым растаған Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің 2022 жылы қабылдаған шешімдері туралы қосымша ақпарат Мемлекеттік корпорацияның <https://gov4c.kz/> сайтында қолжетімді болып табылады.

### 2.3 Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарының орындалуы туралы ақпарат

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі өз қызметін 2022 жыл бойы жылдық Жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырды (2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін). Бұл тәжірибе өзін оң жағынан көрсетті және директорларға алдағы отырыстарды ескере отырып, өз жұмыс кестесін жоспарлауға мүмкіндік берді, бұл нәтижесінде, отырыстарды ұйымдастыруға және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің негізділігіне әсер етеді.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмыс жоспары (бұдан әрі - Жоспар) 35 мәселені қарауды көзделген Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 01-01-02/10 хаттама) бекітілген. Жоспардан тыс

*Алигай*

Директорлар кеңесі қосымша 42 мәселені қарағанын айта кету керек. Жалпы, Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмыс жоспарын орындау жөніндегі қызметін нәтижелі деп тануға болады, Жұмыс жоспары барлық тармақтар бойынша 100% орындалды. Директорлар кеңесі отырыстарды тұрақты негізде, жылдық Жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізді.

Жалпы, отырыстар Директорлар кеңесінің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді, алайда жоспардан тыс отырыстар Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің талабы бойынша ұйымдастырылып, өткізілді.

Жыл бойы Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған аса маңызды мәселелер туралы толық ақпарат жоғарыда ұсынылды.

*Алиев*

## 2.4. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметі

### 2.4.1. Директорлар кеңесінің Комитеттері отырыстарының саны және оларға тиісті Комитеттердің әрбір мүшесінің баруы

Ішкі аудит жөніндегі комитет мүшелерінің есептік кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы төмендегідей көрінеді.

Комитет мүшесінің Т. А. Ә.	26.01.22 ж.	17.03.22 ж.	06.05.22 ж.	17.06.22 ж.	12.07.22 ж.	21.07.22 ж.	21.09.22 ж.	15.11.22 ж.	15.12.22 ж.	Барлық отырыстар
Барлығы:	1	2	3	4	5	6	7	8	9	
Бегимбетов Ергали Нурланович** Комитет мүшесі	-	+	+	+	+	+	+	+	+	8
Балиева Загипа Яхьяновна, Комитет мүшесі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	9
Ивар Талло, Комитет мүшесі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	9
Мухамеджанов Бектас Гафурович,* Комитет төрағасы	+	-	-	-	-	-	-	-	-	1

\* Мухамеджанов Бектас Гафурович, Комитет мүшесі ЖА шешімімен 2022 жылғы 07 ақпаннан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін тоқтатқан

\*\* Бегимбетов Ергали Нурланович, Комитет мүшесі Ж.А. шешімімен 2022 жылғы 07 ақпаннан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған.

Кадрлар, сыйақылар және әдеп комитеті мүшелерінің есептік кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы былайша келесідей көрінеді.

Т. А. Ә. Комитет мүшесі	26.01.22 ж.	17.03.22ж.	12.05.22ж.	20.06.22ж.	12.07.22ж.	22.09.22ж.	15.11.22ж.	13.12.22ж.	Барлық отырыстар
Барлығы:	1	2	3	4	5	6	7	8	
Найзабекова Акмарал Сериковна, Комитет төрайымы	+	+	+	+	+	+	+	+	8
Балиева Загипа Яхьяновна, Комитет мүшесі	+	+	+	+	+	+	+	+	8
Ивар Талло, Комитет мүшесі	+	+	+	+	+	+	+	+	8

*Алиев*

**Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет мүшелерінің есептік кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы төмендегідей көрінеді.**

<b>Т. А. Ә. Комитет мүшесі</b>	<b>26.01.22 ж.</b>	<b>17.03.22ж.</b>	<b>20.06.22ж.</b>	<b>12.07.22ж.</b>	<b>22.09.22ж.</b>	<b>15.11.22ж.</b>	<b>13.12.22ж.</b>	<b>Барлық отырыстар</b>
<b>Барлығы:</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	
Балиева Загипа Яхяновна, Комитет төрайымы	+	+	+	+	+	+	+	<b>7</b>
Найзабекова Акмарал Сериковна, Комитет мүшесі	+	+	+	+	+	+	+	<b>7</b>
Бегимбетов Ергали Нурланович, ** Комитет мүшесі	-	+	+	+	+	+	+	<b>6</b>
Мухамеджанов Бектас Гафурович,* Комитет мүшесі	+	-	-	-	-	-	-	<b>1</b>

